

**ЖШС «Балапан » бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы
2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

Сіргелі е/м

05.09.2023 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
2. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.
3. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Нысанова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларын, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : А. Маханбетова жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Бүлдіршіндердің ұоқ өту үшін жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ойын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Мирзаева . Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.


4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі Б.Нысанова . Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, физикалық қасиеттері бақыланды. «Балбөбек» ересек тобының балаларының сабаққа деген

қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстауға бейімделген. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Шығармашылық дағдыларын ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:


1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Кеңес төрайымы:



Б.Нысанова

Хатшы:



С.Каипова

ЖШС «Балапан » бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы

2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 2

Сіргелі е/м

14.11.2023жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»
- 3.« Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты, «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен танысу, бекіту
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту.

Тыңдалды балабақша меңгерушісі Б. Нысанова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері А. Мирзаева «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» балабақшада ішінара тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету.Тексеру мерзімі: 14.11-16.11.2023ж.

Балабақшада тексеру бойынша келесі топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді: «Радуга» ересек , «Балдырған» ортанғы, «Бөбектер» кіші топтарын тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда , бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. Ұйқыдан тұрғызу кешіктірілмей, кіші топтарда ерте ұйықтап қалатын балалар болғанын, ұйқыдан біртіндеп тұрғызуды айтып, балалармен ұйқы ашар жаттығулар мен гигиеналық процедуралардың талапқа сай жүргізу керектігін ескертті.

Тәрбиешілер толық келісті

3.Тыңдалды Алтын күз мерекесіне арналған «Алтын күз» атты ертеңгілік сценариімен балабақша әдіскері А.Мирзаева таныстырып өтті. Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру,отанын сүю екенін айтып, алтын күз туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

Сонымен бірге әдіскер балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімі бойынша «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен таныстырды. Сценарий балалардың бойынан театрлық - ойын қызметіне деген қызығушылық тудыруға, кез келген театрланған қойылымдарда белсенді атсалысып қатысуға бір-біріне көмек қолын созуға және достық қарым-қатынасты тәрбиелеуге жобаланған. Балалардың дене қимылын зияткерлік тапсырмамен араластыра орындауға арналған. Тақпақтар, би қимылдары, ойындар бала жасына сай келетініне тоқталды. Сонымен бірге керекті материалдармен таныстырды.

Балабақша меңгерушісі керекті материалдармен толықтыруды шаруа меңгерушісі мен мейірбикеге тапсырды. Ойын сауықты 24.11.2023 ж өткізуді ұсынды.

Қызметкерлер толық келісті.

4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариймен балабақша музыканты таныстырды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 28-29-30.12.2023 оқу жылында өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісім берді.

Шешімі:


1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібінің орындалуы» тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған ескертулер түзетілсін, орындалсын. Жауапты: тәрбиешілер.
3. 25 – Алтын күз мерекесіне арналған ертеңгілік өткізілсін. Мерзімі 23-24.11.2023 ж
«Үйшіктегі күз» дене шынықтыру ойын сауығы жоспары бекітілсін. 21.11.2023 ж өткізілсін.
Керекті құралдармен қамтамасыз етілсін. Жауапты шаруа меңгерушісі, мейірбике.
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. 27-28.12.2023 ж күндері өткізілсін

Кеңес төрайымы:



Б.Нысанова

Хатшысы:



С.Каипова

ЖШС «Балапан» бөбекжай балабақшасының меңгеруші жанындағы
2024 оқу жылындағы кеңес отырысының
хаттамасы № 1

Сіргелі е/м

05.01.2024жыл

Қатысқаны: 17 қатысушы

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Тыңдалды :

1 – ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Нысанова топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер А.Мирзаева топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі 2023 – 2024 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан

ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитамины беріп жүрулерін айтты.

4 – ші мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Ұйымдастырылған іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан ояңған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

Шешімі:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.
2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту ай ма ай перспектива мен циклограмма жасалынсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдіскері болып табылсын.

Кеңес төрайымы:



Б.Нысанова

Хатшы:



Е.Алимкулов

ЖШС «Балапан » бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы

2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 3

Сіргелі е/м

04.03.2024 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы «Күннің ІІ жартысын өткізу».
3. «Аналар мерекесі » мерекелік ертеңгіліктің сценариімен, танысу, бекіту
4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Б. Нысанова өткен кеңестің шешімдерін орындалғанын айтып, ішінара кемшіліктерді атап өтті. Тәрбиешінің көмекшілері мен медбикеге балабақша ішіндегі санитарлық талаптардың орындалуы қатаң талап етіліп жатқанын ескертті.Қызметкерлердің оны мүлтіксіз орындауы керектігін айтты. Сонымен бірге топ бөлмелерінде тамаққа дейін және кейін **үстелді сабынды ыстық сумен жуу**,Таңбаланған ыдыстардағы ойыншықтарды өңдеуді күн соңында бір рет ортаңғы және ересек топтарда, кіші жас топтарда күніне екі рет өткізу керектігін айтып өтті. Сонымен бірге топтарды және , музыка залын желдету 10 минут, ұйқы алдында жатын бөлмені 30 минут желдету керектігін қайта ескертетінін айтты. Педагогтарға көмекші тәрбиешілерді басқарып, талаптарды толыққанды орындау керектігін қатал айтты.

Сонымен бірге балаларды қызылша немесе грипптің алдын алып қорғау үшін тәрбиешілерге серуендеу ұзақтығын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабақтың бір бөлігін аулада өткізуге кеңес берді. Балалардың киіну-шешінуіне көп уақыт жұмсамау туралы тәрбиешілерге кеңес берді.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері А.Мирзаева «Күннің ІІ жартысын өткізу» шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Әдіскер балабақша жұмысының күннің ІІ-жартысын ұйымдастыруда күн тәртібі сақталып жатқанын айтып өтті. Яғни ұйқыдан кейін балалардың көңіл-күйін үйлестіру,ұйқы ашар жаттығулар , денсаулық жолдары жүйелі жасалып жатқанын, бесін тамақтан кейінгі бос уақыттарды жобалау тақырыптары әр алуан екеніне тоқталды. Мысалы ересек топтарда шаруашылық тұрмыстық еңбек: ойыншықтарды тазалау, жөндеу, бұрыштарды тазалау т с с жүргізілсе, кіші топтарда театр көрсету, қыстырғыштармен ойындар, мультфильм көру жобаланғанын айтты. Сонымен бірге ертегі тыңдау, бейнелеу бұрышындағы жұмыстар мен балалардың қолын жазуға үйрету, тақпақтарды қайталау ересек топтарда жиі өткізілетінін ескертіп, жұмыс түрлерін түрлендіру керектігін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ескетудің орынды айтылғанын мойындап, түзетуге уәде берді.

Сонымен бірге әдіскер«Аналар мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды.

Ертеңгілікке балалардың дайындығын және бұл ертеңгілікке ата-аналар да белсенді

ат салысып балаларына қолдау білдіріп жатқанын атап өтті. Ертеңгілік мазмұны бала жасына сай таңдалған, тақпақтар, әндер, билер және сахналық қойылымдар жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер ертеңгілікті безендіруге және балаларға сыйлықтарға керекті заттармен қамтамасыз еткені үшін балабақша әкімшілігіне рахметін айтты.

3. Тыңдалды балабақша музыканты Н. Крамьер «Аналар мерекесі» ертеңгілік сценариймен таныстырып өтті. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері бала жасына сай жобаланған. Ертеңгілікте сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі ұлттық салт дәстүрлер таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 03.03.2024 өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісті.

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту бойынша әдіскер А.Мирзаева тыңдалды. Балабақшаның жылдық жоспарында салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімін орындау мақсатында ортаңғы және ересек топтарда дене шынықтыру ойын сауығы жобаланғанын, онда балалардың дене шынықтыру оқу қызметінде игерген қимылдарын нақтылау мақсатында ойындар жобаланғанын түсіндіріп өтті. Ойындар бала жасына сай жобаланған. Ойын сауыққа керекті құралдар толыққанды дайындалу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толыққанды дайындалуға келісім берді.

Шешімі:

1. Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын. Балалардың серуендеу уақыты арттырылсын.

2. Күннің II-жартысын ұйымдастыру шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескертулер орындалсын. Мерзімі тұрақты.

3. Балабақшадағы ертеңгіліктерді тәрбиешілер мен музыка жетекшілігімен бірлесе жұмыс атқарсын.

«Аналар мерекесі» 06-07.03.2024 ж өткізілсін. Керекті құралдармен толық қамтамасыз етілсін. Жауапты меңгеруші Б.Нысанова


4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекітілсін. Оған жауапты ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері: Д. Жувашева, П.Мауленова, М.Хасанова, Н.Бердибекова және медбике Б.Раджаеваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:



Б. Нысанова

Хатшысы:



Е.Алимкулов

ЖШС «Балапан » балабақшасы меңгеруші жанындағы

**2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 4**

Сіргелі е/м

16.05.2024 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру: «Балаларды шынықтыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы»
3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту
4. МЖББС жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортынды мониторингін талқылау.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері: А. Мирзаева өткен кеңестің қаулылырының орындалуына тоқталды. Күннің II-жартысын өткізу шолу тексеру бойынша ескертулер толық орындалып жатқанын, балалармен өткізілетін іс шаралар жүйелі жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Сонымен бірге «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы балабақшада өз дәрежесінде аталып өткенін, қызметкерлер өздерін бекітілген міндеттерін толық орындап, ойын сауықтың өтуіне жақсы атсалысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балалар қатысуы да белсенді болғанын, қуана қатысқанын айтып, тәрбишілерге ризашылық білдірді.

Сонымен бірге «Аналар мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ересек пен ортаңғы топтарда мерекелік ойын сауықтың өткізілу сапасы қанағаттанарлық, мерекелік ертеңгілік балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін сәйкес келетінін, ертеңгілікте жеке және хор ән айту, ойындар мен тосын сәттер жақсы жобаланған, балалардың ән орындауы таза, көтеріңкі көңіл күйде. Ертеңгілікте қыздарды сыйлау, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу мақсаты орындалды.

Ортаңғы «Балдырған» тобында ертеңгілікте балаларға қолайлы эмоциялық және психологиялық жағдай жасалған, балалар әндерді орындауы таза, әнді бірге бастап, аяқтай алады, тақпақтарды 50% бала интонацияны сақтап айта алды. Тәрбиеші сценерий мазмұнын жаттап алған. Ертеңгілік бөлімдерін бірінен соң бірін ауыстыруында кедергілер болған жоқ. Ертеңгілік балаларға эмоционалды көңіл күй сыйлады. Ертеңгілік өтілуі қанағаттанарлық деп бағалады.

Сонымен бірге «Аналар мерекесі» ертеңгілігі балабақшада талапқа сай өткізілгенін, балаларды туған елін, дәстүрін сыйлау бағдарлама талаптарына сай өткізілгенін айтып өтті. Наурыз айындағы ертеңгілікке келе алмаған ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілгенін, ата-аналар кері байланысқа шығып өз алғыстарын білдіргенін айтып, ата-аналармен жұмысты жандандыруға кеңес берді. Тәрбиешілер қуана келісті.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері А.Мирзаева «Балаларды шынықтыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырды.Топтарда балалардың денсаулығын нығайту. шынықтыру шараларының жүйелі жүргізіліп жатқанын, санитарлық талаптар сақталатынына тоқталды. Топтарда балаларды таза ауада қабылдау, топтарды желдету. Ұйқыдан кейін денсаулық жолдарымен жүру, таңертеңгілік гимнастиканың өтілулері қанағаттанарлық екеніне тоқталды. Дегенмен балаларды жуындыру, киімдерін ауыстыру. Топтарда шынықтыруға арналған құралдар түрлері аз, бала санына жеткілікті екенін айтып өтті

Тәрбиешілер толық келісім берді

3.Тыңдалды балабақша музыканты Н.Крамьер «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстырды.Мерекелік кеш ойындар, сюрприз сәттерге толы жобаланған. 1 маусым балаларды қорғау күні барлық баланың қатысуымен мерекелік іс-шара өткізгісі келетінін мәлімдеді. Меңгеруші келісім берді.

Тыңдалды «Қош бол балабақша» ертеңгілік сценариймен тәрбиеші М.Хасанова таныстырып өтті.Ертеңгілік балалардың жылдар бойы алған білімдері негізделіп жобаланған.Балаларға өскен ұясын сыйлауға, үлкендердің еңбегін құрметтеуге, білімдерін ортаға көрсете білуге,туған өлкесін, Отанды сүюге білім беруге негізделген сценарий құрылғанын, балаларға естелік сыйлық жасауға меңгерушіден көмек керек екенін айтып өтті.

Меңгеруші ертеңгілік сценарийін бекітіп, қаржылай көмек беруге келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша әдіскері: А.Мирзаева Жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортындысы жасалғанын айтты. Биылғы жылдың мониторингінің нәтижесі қанағаттанарлық деп танылды. Ортаңғы және кіші топтарда деңгейі төмен балалармен жұмыс жасалу керектігін ескерті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

Шешімі:


1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

2. «Балаларды шынық тыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескерту мен ұсыныстар орындалсын. Мерзімі- 01.06.2024ж дейін. Жауапты тәрбиешілер.

3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» балаларды қорғау күніне арналған сценарий бекітілсін. Балаларға арналған сыйлықтар мен керекті материалдармен қамтамасыз етілсін.жауапты шаруа меңгерушісі


4. «Біз мектепке барамыз» балаларды шығарып салу ертеңгілік сценарийі бекітілсін. Ертеңгілік 30.05.2024 ж өткізілсін. Балаларға арналған естелік сыйлықтарға қаржылай көмек меңгеруші Б.Нысановаға жүктелсін. Балабақшадағы мерекелік іс шаралар ата-аналардың қатысуымен өткізілсін. 4.Балабақша бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг көрсеткіші- 100% .

Кеңес төрайымы:



Б.Нысанова

Хатшысы:



Е.Алимкулов



2023 ЖЫЛЫ

24 тамыз

2.7 Меңгеруші жанындағы кеңестер

№	Мазмұны	мерзімі	Жауаптылар
1	1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы. 2. Жұмыс уақытысыменен үіә кестесін құру. 3. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.	тамыз	Меңгеруші: Нысанова Б.С.
2	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы» 3 Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен танысу, бекіту 4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту	қараша	Меңгеруші: Нысанова Б.С.
3	1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау. 2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс – әрекетіне дайындық сапасы. 3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу. 4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.	қаңтар	Меңгеруші: Нысанова Б.С.

4	1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. Шолу тексеру қорытындысы «Күннің II жартысын өткізу». 3. «Наурыз жұлдыздары » мерекелік ертеңгіліктің сценариімен, «Көктем толы мереке» тәрбие сағаттарының жоспарымен танысу, бекіту 4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту	наурыз	Меңгеруші: Нысанова Б.С.
5	1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. Шолу тексеру: «Балаларды шынық тыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» 3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту 4. МЖББС жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортынды мониторингін талқылау.	мамыр	Меңгеруші: Нысанова Б.С.

